

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№111 (9173)

1953

ЖЫЛҒЫ

5

июнь

Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздар мен совхоздардағы партия топтары

СОКП Уставында «Цехтық, участоктік, тағы сондай ұйымдардың ішінен, сонымен қатар мүшелері мен кандидаттарының саны 100-ге жетпейтін бастауыш партия ұйымдарының ішінен кәсіпорнының бригадаларында, агрегаттарында партия топтарын құруға болады» делінген. Тәжірибе мүмкіндігі бар жерде партия топтарын ұйымдастыру фабрика, завод, колхоз, совхоз және МТС партия ұйымдарының бүкіл жұмысын жақсарту үшін, бұқараға ықпалын күшейту және кәсіпорны администрациясы мен колхоз басқармасының жұмысына бақылауды күшейту үшін қолайлы жағдай жасайтын көрсетін отыр.

Мәселен, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының фермаларында партия топтары жұмыс істейді. № 2 фермадағы партия тобының (ұйымдастырушысы Б. Уәлиханов жолдас) құрамында 7 коммунист бар. Бұлардың бәрі де өндірістің шешуші цехтерінде жұмыс істеп, мал өсірушілер арасында саяси-үгіт жұмыстарын жүргізеді, социалистік жарыста қабылданған міндеттердің орындалуын ұйымдастырады. Партия тобының жыйналысында ферманың өмірінен туған топтағы жеткен мәселелер жиі талқыланады. Осының нәтижесінде фермада еңбек озаттарының саны еселеп көбеюде. Тисина, Анохин сияқты озат сауыншылар асыл тұқымды сыйырлардың әрқайсысынан жылына 5-6 мың литр сүт сауу және сүттің майлылығын арттыру үшін күресуде. Фермада еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру, пар жырту жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.

Тағы да бір мысал: Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың партия ұйымы көктемгі егіс кезінде К. Жақиянов жолдасының трактор бригадасында партия тобын ұйымдастырды. Партия тобындағы коммунистердің инициативасы бойынша бригадаларда тракторлардың қуатын толық пайдаланудың (тракторларды жарықпен жабдықтау, сеялаларға тұқымды тракторлар жүріп бара жатқанда салу және тал-

ұйымдастырушы сайлау жөнінде мәселе қойды ұмытқан көрінеді. Партия тобының жұмысына бұлай қарауға болмайды. Өйткені, партия тобы бастауыш партия ұйымының мал фермаларындағы, егіс және өндіріс бригадаларындағы бұқарамен тығыз байланыс жасап отыратын негізгі бір бөлігі болып табылады. Олай болса, қазір партия топтарының жұмысын жақсарту, бригадалар мен фермаларда егіс бригадаларында жаңадан партия топтарын құру жұмысына ерекше назар аудару қажет.

Партия тобының міндеті бригадада және фермада социалистік жарысты ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізуге көмектесу, әрбір коммунистің еңбекте өнеге көрсетуіне жетісу болып табылады. Партия тобының күні коммунистердің ұйымшылдығы мен белсенділігіне тікелей байланысты. Сондықтан партия тобының жыйналысы жиі өтіп, онда саяси-шаруашылық міндеттер жөніндегі мәселелер талқылануға тиіс. Партия тобының ұйымдастырушысына партиялық жұмысты білетін коммунистерді сайлаған жөн.

Қазір ауылшаруашылық жұмыстарының қызу кезінде, пар жырту, шөп шабу науқаны кезінде, механизаторлар мен колхозшылар, жұмысшылар арасында партия ұйымының ықпалын арттыра беру үшін партия топтарының күшін толық пайдалану қажет. Бұл үшін көктемгі егіс кезінде құрылған партия топтарын таратып жібермей, қайта олардың жұмысын жақсарту, жаңадан партия топтарын құру дүрыс болады.

Партия топтары ең алдымен бастауыш партия ұйымдарының күнбе-күнгі басшылығы мен көмегін талап етеді. Партия бюросының мүшелері және оның секретары партия топтарының ұйымдастырушыларымен жиі әңгімелесіп, оларға топтың жұмысын жақсарту беру жөнінде нұсқау, кеңес беріп отырулары керек. Бастауыш партия ұйымының жыйналысында, бюро мәжілісінде партия тобының есебі жөнінде

Шөп шабудың алғашқы кемшіліктер дереу жойылсын

★ Пишеншілердің табысы

Совет ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері шөп шабу науқанын ойдағыдай әзірлікпен бастады. Колхозда шөп шабатын 8 ат машинасы, екі өздігінен жүретін және үш тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машинасы жұмысқа қосылды. Қазір колхозда мал азығының берік қорын жасау жолындағы күрес қыза түсуде.

Машинашылар жұмыс уақытының әрбір минутын тиімді пайдалана отырып, алғашқы күннен бастап өнімді еңбек етуде. Солардың бірі — өздігінен жүретін шөп машинасын жүргізуші В. Силененко жолдас. Оның маусымдық жоспары 800 гектар жердің шөбін шабу. Ал, Силененко жолдас 1600 гектар жердің шөбін шауып, жоспарды екі есе артық орындауға міндеттеме алды. Ол алған міндеттемесін аяқтай бермей, екі күнде күндік тапсырманы біржарым, екі есеге дейін асыра орындады.

Сол сияқты, С. Данилова, З. Палтавец, С. Махия жолдасар ат шөп машинасында жұмыс істейді. Олар күн сайын 4,5 гектар орнына, 5 гектар жердің шөбін шауып, норманы асыра орындауды өздерінің дағдылы ісіне айналдырған.

Пишеншілердің бұл сияқты қол жеткен тамаша табыстары өзінің игілі нәтижесін бермей қойған жоқ. Колхоз бойынша алғашқы екі күннің өзінде 100 гектардан астам жердің шөбі шабылды. Демек, шабылған жердің 70 гектардан астамы шөме-леге де салынып үлгерілді.

Колхозда жемшөп сүрлеуге дайындық жұмыстары да қызу жүргізіле бастады. Қазірдің өзінде шөп сүрлетін 6 орын 4-үі дайын. Быйыл мұнда бидайық, күнбағыс сабақтары, көл құрағы және басқа бірнеше шөп түрлері сүрленбекші.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Партия топтарына басшылықты мейлінше күшейту, олардың ұйымдастырушыларын іріктеп алып, тәрбиелеу ісін жақсарту—колхоз, совхоз, МТС партия ұйымдарының жұмыс дәрежесін барған сайын арттыра беруді қамтамасыз етеді.

★ Соколовтағылар шөп шабуға әзірліксіз кірісті

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің IV пленумы қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету күресінде, мал азығының берік қорын жасау ісінің маңызы ерекше күшті екендігін атап көрсетті. Сөйтіп, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының, әрбір колхоз бен совхоздың және МТС-тің алдына жемшөп қорын дайындау жоспарының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету міндетін қойды.

Бұл міндетті Соколов ауданының «Путь Ильича» колхозы (председателі Дроняев жолдас) ойдағыдай орындап келеді. Мұнда мал азығын дайындауға әзірлік күні бұрын қолға алынды. Колхоз басшылары барлық шөп машиналары мен ат тырнауыштарының жөндеуден сапалы өткізілуін қамтамасыз етті. Қазір колхоздың екі бригадасында 7 шөп машинасы жұмысқа қосылып, шөп шабу қарқыны күннен-күнге өрістей түсуде.

Алайда, ауданның барлық колхозында жағдай осындай деп айта алмаймыз. Көп колхоздарда шөп шабуға әзірлік өте нашар. Осының салдарынан ауданда жөндеуден өткізілуге тиіс 123 шөп машинасынан 51 машина, 101 ат тырнауышынан 51 тырнауыш ғана жөндеді.

Өткен жылы аудан колхоздарында шөп шабуға әзірлік ұзаққа созылып, шөп шабу жұмысы өте кеш басталды. Көп колхоздарда мал азығын дайындаудың жоспары орындалмады. Мұның ақыры азықтың жеткіліксіздігінен бірсыпыра колхоздарда малдың шығынға ұшырауына әкеліп соқты.

Соколов ауданы бұл кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығарып, быйыл шөп шабуды толық әзірлікпен бастаулары керек еді. Бірақ колхоз, МТС және

рып келеді. Мұнда 6 шөп машинасының екеуі, 6 ат тырнауышының біреуі ғана жөндеген. Ленин атындағы, Киров атындағы, «Красный агроном» колхоздарында да шөп шабуға әзірлік осындай дәрежеде болып отыр.

«Красный агроном» колхозының председателі Богатырев жолдас шөп шабуға неге кіріспей отырсыздар деген сұраққа былай деп жауап береді: «Әлі уақыт ерте, шөпті жастай шабуға болмайды». Богатырев жолдасының осындай жайбарақаттығынан колхоз өткен жылы да шөп шабуға кеш кірісіп, мал азығын дайындау жоспарын орындай алмағанды. Амал не, аудан басшылары оның осындай пікіріне әлі төзіп келеді.

Кейбір колхоз бен аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшылары «шөпті МТС-тердің күшімен де шауып аламыз» дейтін көрінеді. Ал, олардың сол сенген МТС-терінде шөп шабуға әзірлік аяқталды ма? Әрине, жоқ. Аудандағы МТС-тің екеуінде де шөп шабуға әзірлік өте-мөте баяу. Ол МТС-терден бірде-бір колхозға тіркеме және өздігінен жүретін кең алымды шөп машиналары жіберілген жоқ.

Налобин МТС-де 21 кеңалымды шөп машинасы, 4 трактор тырнауышы жөндемеген. Соколов МТС-де 7 кеңалымды шөп машинасы, 9 трактор тырнауышы, бір трактор шөп шөмелегіші, бір өздігінен жүретін шөп машинасы жөндеуден өткізілмеген күйінде МТС мастерскойларының жанында тұр.

Ауданда кеңалымды шөп машиналарында жұмыс істейтін мамандар жеткіліксіз. Соколов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда 11 өздігінен жүретін шөп машинасы жұмыс істеуге тиіс болса, бірде-бір колхозда осы машиналарды жүргізетін кадр-

Пар—мол өнімнің негізі

Пар жырту жоспары орындалды

Чистов астық совхозында пар жырту жоспары орындалды. Мұнда 4900 гектар пар жыртылды. Барлық бөлімшеде пардың жыртылу сапасы жақсы. Қазір совхозда жыртылған парды баптау жұмыстары қызу жүргізілуде.

Әрине, бұл совхоз механизаторларының қол жеткен табысы, демек, олардың адал және өнімді еңбегінің нәтижесі. Механизаторлар мұндай тамаша табысқа өздерінің тракторларын ұдайы жоғары техникалық күтімде ұстаулары, осы арқылы тракторлардың күндіз-түні бірдей тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етулері арқасында жетісті.

Пар жыртуда әсіресе № 4 бөлімшенің механизаторлары ерекше көзге түсті. Онда «ЧТЗ» тракторын жүргізуші И. Шарып, оның көмекшісі П. Шестақ жолдас-тар өнімді еңбек етті. Олар 8—9 сменада 112—121 гектардан пар жырттып, сменалық норманы үнемі асыра орындады. Бұлар сияқты, озат механизаторлардың қатарына А. Мордасов, В. Релка, П. Брюханов сияқты озат механизаторлар қосылды. № 4 бөлімшенің пар жырту жоспарын совхозда бірінші болып орындауды да, осындай озат механизаторлардың өнімді еңбегінің нәтижесі екендігін атап айтуымыз керек.

Сол сияқты, Тоқшын совхозы да пар жыртуды ең қолайлы мерзімде, агротехникалық ережелерге сәйкес, сапалы аяқтады. Пар жырту жоспары мұнда да 1 июньге дейін толық орындалды.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Үздік механизаторлар

Октябрь ауданының алдыңғы қатарлы совхоздарында алдағы жылдың егісін дайып жермен қамтамасыз ету жолындағы күрес барған сайын қыза түсуде. Жұмыстың бұл саласында ең қуатты тракторлар мен тәжірибелі тракторшылар жұмыс істеп жүр. Тракторшылар пар жыртудың

Социалистік жарыс кеңінен өрістетіліп, бригада көктемгі егіс жұмыстарын МТС-те бірінші болып аяқтады. Көзір ол пар жұрту жұмысын ұйымшылдықпен өткізуде. Бұл мысалдар партия топтарының өндірісте, бригадалар мен фермаларда үлкен роль атқаратындығын дәлелдейді.

Бірақ, бірқатар жерлерде партия топтарын ұйымдастыру олардың жұмыстарына басшылықты жақсарту мәселесіне жете көңіл бөлінбей келеді. Көптеген колхоз бас-таушы партия ұйымдарының құрамында 15—20, онан да артық коммунистер бар. Алайда, осы сыяқты партия ұйымдарының бірсыпырасында партия топтары құрылмай отыр. Жамбыл атындағы колхоз Октябрь ауданындағы ірі шаруашылықтардың бірінен саналады. Мұнда 3 егіс бригадасы және бірнеше мал фермалары бар. Құрамында көптеген коммунистері бар колхоз партия ұйымы колхоз орталығынан алыстағы бригадалар мен мал фермаларына қажетті ықпал жасаудан тыс қалып отыр. Егер мұнда партия топтары құрылса, сөз жоқ, партия ұйымының жұмысы анағұрлым жемісті болар еді.

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың мал фермасында партия тобының жұмысы соңғы кезде мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Оның себебі: мұнда партия тобының бұрынғы ұйымдастырушысы Вичканова жолдас басқа қызметке ауыстырылғаннан кейін партия ұйымының секретары Слепченко жолдас коммунистердің жыйналысында жаңа

арнаулы мәселелер тақырыптың, жақын тәжірибелер кеңінен насихатталумен бірге, топтың жұмысындағы кездескен кемшіліктерді дереу жоюдың шаралары қолданылуы қажет. Бұл партия тобының жұмысын жақсартудың негізгі жолдары болып табылады.

Бригадалар мен фермаларда, өндірістің басқа да учасоктерінде партия топтарын ұйымдастыру, олардың жұмысын жақсарту ісіне аудандық партия комитеттері ерекше назар аударуға тиіс. Солай бола тұрса да, кейбір аудандық партия комитеттері партиялық жұмыстың бұл учасокіне немқетті қарау фактілерінен арыла алмай келеді. Аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде партия топтарының жұмысы жөніндегі мәселелер мүлдем сирек қаралуы, бірқатар басшы партия қызметкерлерінің колхоздар мен совхоздарда болғанда партия топтарының жұмысымен шұғылданбауы бұл пікірімізді толық дәлелдейді. Аудандық партия комитеттері партия топтары ұйымдастырушыларының семинарларын өткізіп, оларды партиялық жұмыстың практикасына үйретуге, бюро мәжілістерінде арнаулы мәселелер қарап отыруға, жақсы тәжірибелерді кеңінен насихаттауға міндетті.

Партия топтарына басшылықты мейлінше күшейту, олардың ұйымдастырушылары іріктеп алу және тәрбиелеу ісін жақсарту—колхоз, совхоз, МТС партия ұйымдарының жұмыс дәрежесін барған сайын арттыра беруді қамтамасыз етеді.

Жартыжылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің Алматыдағы құю-механикалық заводы жартыжылдық өндірістік жоспарды мерзімінен айдан аса уақыт бұрын орындады.

Бұл кәсіпорынның өнімін еліміздің көптеген МТС-терінің механизаторлары жақсы біледі. Завод егіс бригадаларына арналған шағын вагондар шығарады. Бұл вагондар жолаушы тасыйтын темір жол вагондары түрінде жасалады, ішінде адам жататын 14 орын, ас ішетін бөлме, суға шомылатын орын бар. Завод осы көшпелі егіс қостарын Россия федерациясына, Орта Азияның республикаларына, Қазақстанның барлық облыстарына жіберіп тұрады.

Кәсіпорынның коллективі өнім шығаруды үздіксіз арттырып келеді. Егер жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында ол 27 вагон жасаған болса, быйылғы жылдың бес айында 99 вагон жасады. Екі шағын вагон үнемделген материалдың есебінен жасалып шықты.

Заводтың жаңадан шығара бастаған өнімі —сусымалы жүктер тасуға арнал-

ған тракторға тіркелетін үш тонналық арбаларды механизаторлар мақұлдап қарсы алды. Көзір кәсіпорын жүкті өздігінен түсіретін бес тонналық арба шығаруға әзірленіп жатыр. Шойыннан табақ қаңылтыр жасап шығару көлемі өткен жылғымен салыстырғанда төрт есе артты.

Өнім шығарудың үздіксіз артуы, оның өзіндік құнының кемуі —коллективтік стахановтық жұмыстың нәтижесі. Заводта барлық жұмысшылар жұмыс нормасын асыра орындайды. Табақ шойын прокаттайтын машинаның операторы коммунист Павел Котов өзінің еңбек өнімділігін 300 процентке жеткізді. Аудандық Советтің депутаты термист Петр Фидорен көзірдің өзінде жылдық норма орындады. Вагон цехында ұста Никита Хоменко мен балта ұстасы Ефим Илющенко ең жақсы табысқа жетті. Бұлар сменада 2—3 нормадан орындады.

Заводта еңбек өнімділігі жоспардағыдан 18 процент артты.

(ҚазТАГ).

ТҮРМЫС ҚАЖЕТІН ҚАМТЫЙТЫН жаңа кәсіпорындар

Алматы ауданындағы Тастақ селосында тұрмыс қажетін қамтыйтын комбинаттың құрылысы аяқталып келеді. Онда сыртқы киім тігетін, ескі киімдерді қайта тігетін, аяқкиім, баскиім тігетін және жөндейтін мастерскойлар, фотостудия және шаштаразы болады.

Алматы облысының кәсіпшілік кооперациясы быйыл Еңбекшіқазақ аудан-

ындағы Түрген селосында, Шелек ауданындағы Шелек селосында және Алматы ауданындағы Малая станцияда аяқкиім жөндейтін және тігетін мастерскойлар ашты. Облыстың ауылдары мен селоларында жылдың аяғына дейін металл заттарын жасайтын, киім тігетін және жөндейтін тағы да бес мастерской ашылады.

(ҚазТАГ).

КОЛХОЗДЫҢ ОЗАП малшылары

«Сталин жолы» колхозының (Преснов ауданы) мал шаруашылығында бірқатар алдыңғы қатарлы мал өсірушілер жұмыс істейді. Олар туған колхозының мал шаруашылығын өркендетуге жылма-жыл өздерінің келелі үлестерін қосуда. Мұндай мал өсірушілердің қатарына бақтаны Рахметов, шопан К. Мусин, жылқышы Б. Оспанов сыяқты жолдастарды қосуға болады.

Озап шопан Мусин жолдас қарамағындағы 450 қойдан 470 қозы алып, оны шығынсыз өсіруде. Ал, жылқышы Оспанов жолдас өзі бағатын 35 биеден 35 құлын алды. Алынған құлындардың барлығы аман. Сол сыяқты, бақташы Рахметов жолдас та сыйырларды шөбі шүйгін, суы мол жайылымда бағып, оның сүттілігін арттыруда.

Бұл күндері колхоз малшылары қарамағындағы малдарды жайылымда бағып, семіртуде.

А. САДЫҚОВ.

аудан басшылары тағы да жайбарақаттыққа салынып, шөп шабуға әзірлікті естерінен шығарып отыр. Демек, олар мал қыстатуда болған өткен жылғы қыйыншылықтарды ұмытқан.

Аудандық ауылшаруашылық бөлімі (меңгерушісі Наркевич жолдас) колхоздардың шөп шабуға әзірленуіне нақтылы басшылық етпейді. Ондағылар колхоздарға шөп машиналары мен ат тырнауыштары жөндеудің графиктерін жіберумен ғана істі бітірді. Графиктің орындалуын колхоз басшыларынан талап етпейді. Осындай жауапсыздықтың орын алуынан ауданның 15 колхозының 13 колхозы шөп шабуға нашар әзірлікпен кірісті.

Өткен қыста мал қыстатуды қыйыншылықпен өткізген колхоздың бірі —Сталин атындағы колхоз болатын. Бұл колхозда қыстың күндері мал азығы жеткіліксіз болды. Қоғамдық малдың барлығы қыстан жүдеп шықты. Мал шығыны аз болған жоқ. Алайда, колхоз председателі Липигов жолдас мал азығының берік қорын жасау міндетін быйыл да ұмыт қалды-

лар дайындалмаған. Мұның өзі ауданда ауылшаруашылық кадрларын дайындауға жете мән берілмейтінін көрсетеді.

Көзір мал азығын дайындаудың шешуші кезеңі басталды. Сондықтан көзірден бастап, мал азығын дайындауға қолда бар мүмкіншіліктердің барлығын пайдалану қажет.

Мал азығының берік қорын жасауға қажетті күш- мүмкіншіліктер ауданның барлық колхоздарында бірдей. «Путь Ильича» колхозының күш- мүмкіншілігі басқа колхоздардан ерекше емес. Бірақ, басқа колхоздарда еңбекті ұйымдастыру, мал азығының берік қорын жасау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге, озаптардың тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыру ісі нашар. Аудан, колхоз басшыларының алдымен көңіл бөлетін мәселесі осы кемшіліктерді дереу жойып, әрбір колхозды жемшөп қорымен қамтамасыз ету болуға тиіс.

Т. КӘДІРОВ,
(Арнаулы тілшіміз).

лардың сынып босқа тұруына, агротехникалық шаралардың бұрмалануына жол бермеу үшін ерекше көңіл бөлуде.

Октябрь совхозында көзірдің өзінде 300 гектарға жуық пар жыртылды. Екінші фермада пар жыртуда 6 шынжыр табанды трактор агрегаты жұмыс істеп келеді. Мұнда тракторшы Петр Юргенсон өзі жүргізетін «ДТ—54» тракторымен көктем егіс кезінде жұмсақ жерге шаққанда 300 гектар жер жұмыстан, тракторшылар арасындағы социалистік жарыста озып шықты. Юргенсон жолдас пар жыртуда да осындай үздік табысқа жетуге міндеттенгенді. Оның сөзі мен ісінің арасында алшақтық жоқ. Ол агротехникалық ережелерді қатаң сақтай отырып, пар жыртуда норманы күн сайын 120—130 процент етіп орындап жүр.

Механизаторлардың адал еңбегі совхозда пар жырту жоспарының ойдағыдай орындалатындығының кепіліне айналуда.

О. МҰҚАНОВ.



Туған елімізде



А. И. Герценнің ерікті орыс баспаханасын құрғанына 100 жыл

2 Июньде Мемлекеттік тарих кітапханасында А. И. Герценнің Лондонда ерікті орыс баспаханасын құрғанына 100 жыл толуына арналып көрме ашылды.

Көрменің нақ ортасына Герценнің портреті қойылған. Онан төменіректе В. И. Лениннің: «Герцен шетелде ерікті орыс баспаханасын құрды —оның ұлы еңбегі міне осындай. «Полярная звезда» декабристердің дәстүрін дереу көтеріп әкетті. «Колокол» (1857—1867) шаруалардың бостандыққа болуы үшін жан-тәнімен күресті. Құлдықпен тұншығу тыйылды» деген сөздері жазылған.

Көрмеде ерікті орыс баспаханасы басып шығарған шығармалар қойылған, олардың ішінде 1861 жылғы реформаға арналған шығармалар да бар. Көрменің материалдары бойынша Герценнің баспа ісіндегі қызметінің қалай өсіп, жетіліп отырғанын байқауымызға болады. Мынау —«Полярная звезданың» 1855 жылы шыққан бірінші кітабы.

Бұл журналдың Россияда таралуы зор назар аударды. Герценге мақалалар бірінен соң бірі келе бастады. «Голоса из России», «Колокол», «Общее бече» және басқа органдар пайда болды.

Әсресе, Герценнің Огаровпен бірге шығарған «Колоколдың» номерлері ерекше назар аударады. «Колокол» елде құпия түрде тарады. Орыс оқушылары оны зор ынтымен оқыйтын.

Көрме бөлімдерінің біріндегі материалдар Герценнің ерікті баспасөзі мен декабристер ісінің ілгері басқандығын көрсетеді. Бестужев пен Рылеев шығарып тұрған «Полярная звезданың» 1824 жылғы алманахы қойылған. Оның қасында дарға асылған 5 декабристің суреті салынған екінші бір «Полярная звезда». Бұл —Герценнің шығарған «Полярная звездасы».

Көрменің соңғы бір бөлегінде совет әдебиетшілерінің Герценге арналған жұмыстары көрсетілген.

(СОТА).



ЛЕНИНГРАД. И. Е. Репин атындағы көркемөнер, скульптура және архитектура институтының аспиранты М. С. Алещенко «Жер туралы декрет» скульптурасын жасауда.

(СОТА-ның фотохроникасы).

БЕЛИНСКИЙ ТУРАЛЫ ФИЛЬМ

2 июньде ССРО Мәдениет министрлігінде жаңа көркем суретті «Белинский» фильміне көпшілік байқауы болды. Фильм 4 июньде Москва кинотеатрларында көрсетіле бастады.

МОСКВА. Дорогомиллов жағалауындағы қонақ үйінің құрылысы.

СУРЕТТЕ: үй қабырғасын әсемдеп өңдеуші-жаңашыл Н. Бакура жолдас. (СОТА-ның фотохроникасы).

В. Г. БЕЛИНСКИЙДІ ЕСКЕ ТҮСІРУ

ЛЬВОВ, 2 июнь. (СОТА). Украин ССР Ғылым академиясының Львов филиалының кітапханасында В. Г. Белинскийдің қайтыс болғанына 105 жыл толуына арналып әдеби көрме ашылды.

Туристік жаз

СОЧИ, 2 июнь. (СОТА). Кавказдың Қара теңіз жағалауындағы жазғы туристік маусым ашылды. Кеше Краснодар туристік базасына алғашқы туристер — өлкелік мұнай техникумының студенттері келді. Бүгін Ыстық кілт — Архипо-Осиповка маршруты бойынша 6 күндік сын сапарға шықты.

Хостинк туристік базасына бүгін Кавказдың таулары мен сын сапар жа-

сап жүрген туристердің алғашқы тобы келді. Туристер мұнда 3 күн болды. Одан соң автомашинамен Рица көліне барады, одан әрі Ахукдар асуы арқылы Красная поляна селосына дейін 100 километрлік жорық жасайды.

Маусымның кезінде КБОС-тың туристік-экскурсиялық басқармасының базалары арқылы Краснодар өлкесінің үстімен путевкалы 14 мың еңбекші өтеді.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымы және жас коммунистер

СОКП-ның XIX съезі партия ұйымдарының алдына партия қатарына адам алу, жас коммунистердің сана құрамын жақсарту жөнінде зор міндеттер қойды. Партияға кіргісі келген адамдардың бәрі СОКП Уставында көрсетілгендей кандидаттық стаждан өтеді. Кандидаттық стаж партияның программасымен, Уставымен, тактикасымен партия мүшелігіне кандидаттың танысуы үшін, кандидаттың жеке басының сапасын партия ұйымының байқауын қамтамасыз ету үшін қажет. Партия ұйымы кандидаттардың партия мүшелігіне кіруге әзірленуіне қажетті көмек көрсетуге міндетті. Петропавл паровоз депосының партия ұйымы бұл міндетті жүзеге асыру жөнінде бірқатар жұмыстар істеуде.

Ұйымның есебінде 270 партия мүшесі және 55 партия мүшелігіне кандидат тұрады. Бұлар партия мүшелігіне кандидаттыққа 15 адам қабылданды. Бұлардың бәрі де жұмысшы табы мен еңбекші интеллигенттердің таңдаулы өкілдері болып табылады. Партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданғандардың ішінде стахановші-токарь Тишаков, комплексті паровоз бригадасының бригадирі Симонов, бесжүзші-машинист Юркевич, инженер Адамец және басқалары бар. Жас коммунистер теміржолшылардың зор құрметіне бөленулі. Өйткені, партия ұйымы жас коммунистерді саяси шынықтырып, олардың бұқара арасында авангардтық роль атқаруларына жетісіп келеді. Партия ұйымы тәрбие жұмысының барлық түрлері мен әдістерін пайдалануға зор көңіл бөледі.

Депонның жас коммунистері өздерінің марксист-лениндік білімдерін арттыра беру мәселесіне белсене қатысады. Партия мүшелігіне кандидат 55 адамның бәрі де партия оқу жүйесіндегі үйірмелерде, партия мектебінде, марксизм-ленинизм кешкі университетінде оқып жүр.

Партия ұйымы жас коммунистерді тәрбиелеу ісіне партиялық тапсырманың тәрбиелік күшін толық пайдалануда. Мұнда партиялық тапсырмалар коммунистердің білімдері мен істегі қабілеттеріне қарай беріледі. Партия бюросының секретары Анохин жолдас және цех партия ұйымдарының секретарлары, партия топтарының ұйымдастырушылары партиялық тапсырмаларды орындау жөніндегі жас коммунистерге кеңес беріп, олардың жұмысына бақылау жасайды. Осының нәтижесінде жас коммунистер партия ұйымының жұмысы-

на белсене қатысады. Мәселен, жас коммунистер Дегтеренко, Юркевич, Антонов, жолдастар паровоздарда және бұрынғы сәйлау участоктерінде үгітші, Истомина, Печорский, Бондаренко жолдастар насихатшы болып істейді. Бірсыпыра партия мүшелігіне кандидаттар қабырға газеттерінің редакторлары, редколлегия мүшелері және басқа осы сыяқты партиялық тапсырмалар атқарады.

Партия жыйналысының тәрбиелік ролі зор екені мәлім. Ол коммунистердің саяси белсенділігін арттырып, партия және қоғам тұрмысының мәселелерін шеберлікпен шешуге үйретеді. Осыны еске алып депонның партия ұйымы партия жыйналыстарында қаралатын мәселелерді күн ілегері әзірлеу, жыйналысты кезінде жоғары өткізу мәселелеріне ерекше назар аударады. Жыйналыстың жалқылауына партия ұйымы мен коллективтің өмірінен туған мәселелер: өндірісте коммунистердің авангардтық ролі, партия оқуы, социалистік жарыс туралы мәселелер жиі қойылады.

Осы сыяқты тәрбие жұмысының біраз жақсаруы партия ұйымына қатардағы жас коммунистерді басшы қызметке жоғарылатуға қолайлы жағдай туғызды. Мәселен, жас коммунистер Наскин электр цехының мастерлігіне, қатардағы бухгалтер Бондаренко бас бухгалтерлікке жоғарылатылды.

Бірақ мұның бәрінен партия ұйымының жас коммунистер арасындағы жұмысты ұйымдастыруында көпшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Депонның партия бюросы және оның секретары Анохин жолдас партия мүшелігіне кандидаттармен жұмыстың жеке түріне жете мән бермейді. Партия ұйымында партия мүшелігіне кандидаттардың кандидаттық стаждарының өтпін кетуіне кезігісіз себеп болып отыр. Мысалы, машинист Манюгин жолдас партия мүшелігіне 1946 жылдан бері кандидат. Ол партия оқуының жүйесіндегі үйірменің сабағына сирек қатысты. Алайда, партия ұйымы оған қатаң талап қоя алмай келеді.

Паровоз депосы партия ұйымының істегі кемшіліктерді дереу жойып, жас коммунистерді тәрбиелеу ісін барған сайын жақсарту беруіне толық мүмкіншілігі бар. Партия ұйымы коммунистердің белсенділіктерін арттыра беру жолымен коллективті бесінші бесжылдықтың міндеттерін ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыра беруге тиіс.

Б. ОМАРОВ.

КИНО

Ұлы ақын туралы фильм

Ұлы ақын Жамбыл Жабаев туралы кинокартина жасалып шықты. Бұл қуанарлық оқиға. Көп миллиондаған адамдар ақынның өмірімен таныса ала бермеді, Жамбылдың басынан, тарихқа Жамбылдай совет поэзиясының алыбын берген қазақ халқының басынан қандай кезеңдердің өткенін тағы да көріп, түсінетін болады.

Фильм ақынның 75 жылға жуық өмірін қамтыған.

Октябрь революциясынан бұрынғы қазақ еңбекшілерінің өмірі қуанышсыз еді, аяншыты еді. Оларда ешқандай азаматтық право деген жоқ еді. Олар балаларын оқытуға мүмкіншілігі жоқ, мектебі жоқ, газет-журналсыз, клуб-театрсыз, ел билеу жұмысына араластырылмайтын, өзіндік жазу-сызусыз, жайпайға жуық сауатсыз еді.

Ал, қазақ жалшыларының өмірі мұназ да ауыр, аяншыты болатын, өйткені, жалшы байдың толық меншігі болатын, оған жарытылмайтын тағам мен қырық құрау жаман киімнен басқа атымен ақы төлемейтін. Көп малдың буымен мастанған бай сінетін аты мен аңға қосатын итін кәдіресе де, оның ақтылы қойлары мен қалың қыяқтарын үскірік бораннан, қатты жаңбырдан, ұры-қарыдан сақтап отырған жалшыны адам деп есептемейтін.

Міне Жамбыл осындай еңбекшілер арасынан шыққан ақын. Ол өз өмірін осы еңбекші халық арасында өткізді, еңбекшілердің бай мен болыстарға, патша әкімдеріне деген өшпенділігі, бақытсыз, правосыз өмірге деген наразылығы әділетсіздік пен озбырлыққа тез назар аударатын ақынның жалынды жырларын, сықақ өлеңдерін тудырып отырды.

Бостандық пен бақытқа қазақ еңбекшілерінің қолы Ұлы Октябрь Социалистік революциясының арқасында жетті. Кәзір Советтік Қазақстан гүлденген мәдениетті республикалардың біріне айналды.

Октябрь революциясы жеңгенде Жамбыл 70-те еді. Бірақ жасының ұлғайғанына қарамастан қарт ақын пролетариат революциясының жеңісін; қуанышты, бейбіт өмір жасаған халық еңбегінің ұлылығын, халықтар достығын асқан шеберлікпен жырлай білді. Оның әртүрлі тілдерге аударылған өлеңдері бүкіл Совет Одағына, барлық прогресшіл адамзатқа тез тарады. Сөйтіп, Жамбыл миллиондаған халықтар сүйсініп оқыттын ұлы ақындардың қатарынан өзіне лайықты орын алды. Фильмде осылай көрсетілген, талантты артист Шәкен Айманов Жамбыл ролін осылай ойнаған.

Шәкен өзіміз көрген, өлеңдерін оқып сүйсінген ақынның бейнесін үлкен шеберлікпен жасаған. Жамбылдың ержеткен,

гені үшін Жамбыл тұтқынға алынады. Ақын абақтыда. Есікте күзет. Солдат «Еділде бар бір жартасты» өлеңдетіп отырады. Өлең ақынға таныс емес, бірақ өлеңнің тамаша сазына қызығып орыс өлеңін домбыраға салып, өзі соңынан үні-



мен қосылады. Біртіндеп қазақ ақын мен орыс солдаттың дауысы қосылып кетеді. Өлең екі халық достығының бейнесіндей болып естіледі. Бұл шумақ өте жақсы жасалған.

Жамбылдың республика жерін саат аралап, туған ел байлығына, табиғат сұлулығына көңілі елжіреп, толқып, тау арасында өлеңдетіп келе жатқан жері де көрушілердің есінде жақсы әсер қалдырады.

Фильмде сәтті шыққан көріністің бірі — ақынның ең жақсы көретін баласы Алағайдың Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін майданның даласында қайтыс болған хабарын Жамбылдың білген жері. Ақынға бала өлімі қатты батады. Қайғы өзегін өртеп, көзінен бұршақтатып жас ағызады. Адамға қуану да, қайғыру да табиғи нәрсе. Ал, қайғыра білмеген адам, қуана да білмейді. Жамбыл — жаны жайдары, жүрегі сезімтал ақын. Бірақ ол қайғыға мойымай, өзін өзі бекітіп, өмірге қуанышпен, жауды жеңетін совет халқының болашағына сеніммен қарайды.

Шәкен ақынның өлең шығарар алдындағы жансезімін, Жамбылдың ақындық шабытының толқынын — бейнелеудің биік шыңына жеткізген.

Шәкен Айманов жолдас Жамбыл сыяқты ұлы ақынның бейнесін жасаумен қан-

байларға, ескі дүниеге өп, жаңа дүниеге жасаушы бірде-бір күрескердің тұтас тұтасын көрінбейді. Ондай халық ісіне ақырына дейін берілген табанды күрескерлерге біздің халқымыз бай. Бірақ, сценарийдің авторлары ондай халық өкілдерінің бейнесін жасай алмаған.

Екіншіден, партия мен үкмет басшылары есебінде берілген Василий мен Боранбаевтың бейнелері солғын шыққан. Революцияның даңбышандары Ленин мен Сталин тәрбиелеп шынықтырған партияның қасиеттері — көрегендік, негізгі міндеттерді шешуге халықты жұмылдыра білу, ерегіздік, халық бұқарасымен тығыз байланыстылық, тағы басқалар Василий мен Боранбаев бейнелерінен табылмайды. Бұған Василий болып ойнаған артист Г. Хованов, Боранбаев — Қазақ ССР-ның халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты К. Бадыров кінәлі емес. Сценарийдің авторлары Н. Погодин мен Ә. Тәжібаев кінәлі. Сценарийшілар Жамбыл бейнесін жасауға көбірек көңіл бөліп, партия мен үкмет, халық өкілдерінің бейнелерін әлсіретіп жіберген. Жамбылды тудырған, Жамбылдың жарты ғасырдан астам танылған ақындығына жол ашқан кім? Коммунистік партия мен Совет үкметі, халық.

Халық өзінің өкілдері арқылы көрінбей, Жамбылдың жалғыз қалуы фильмнің құнын сөзсіз кемітіп тұр. Василий мен Боранбаевтар Жамбылдың творчествосын танышылар, оған қамқорлық жасаушылар емес, Жамбылды Москвада болатын қазақ совет декадасына шақырушылар, кей реттерде не қуанышты, не қайғыны хабарлаушылар болып шыққан.

Сүйімбай домбырасына талас — бай Қадырбай, ұлтшыл Шаймухамед пен Жамбыл арасындағы шиеленісуге өзек бола алмайды. Мәселенің түйіні өмірге әркімнің әртүрлі көзқарасында.

Қадырбай топтап жалшы жалдайды, оларға ақы орнына, көңіліне ұнамай қалған күні дүре соғады. Қызды сүймегеніне, немесе шалға береді. Болыс парақор, адал мен қараны айырмайтын әділетсіз. Ат бергенге оның өштескен адамына жер көктегі бар пәлені төндіріп, сыртан приговор жасап беруге дайын. Шаймухамед бұл жауымдық пен әділетсіздіктерді жасап отырған Қадырбайды мадақтаса, Жамбыл өткір тілмен шенеп, лағнат айтатын, лағнат айтқан ақын. Тек фильмде бұлай көрсетілмеген. Адамдардың әлеуметтік мәселелерге көзқарасының әртүрлі болатындығы, дүниеге әртүрлі түсініктен туатын таластар мен шиеленісулер совет искусствосының өзегі болатындығы жете ескерілмеген.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Қазақ

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 июнь (СОТА). Корей Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгінгі берген хабарында өткен күні барлық майдандарда жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізілді делінген.

3 июньге қараған түнде американың авиациясы Бакчон уезіндегі бейбіт елді пункттерге тағы да шабуыл жасады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның 2 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

АМЕРИКАН БАСҚЫНШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЖАЛЫҚ ЕТУІМЕН

ПЕКИН, 3 июнь (СОТА). Сяньхуа агенттігі былай деп хабарлайды. Жапонияның электр өнеркәсібі жұмысшыларының Орталық одағының органы — «Денсан» газеті американдардың Окинава аралын соғыс базасына айналдыруы аралдағы халықты күйзелушілікке және жоқтыққа ұшыратуда деп жазады. Газет Окинава аралында 100 мың жұмысшы бар, бірақ, солардың ішінен әрбір төрт жұмысшының үшеуі американың соғыс орындарында жұмыс істеуге мәжбүр болып отырғандығын атап көрсетеді. Орта есеппен алғанда жапон жұмысшысының жалақысы айына 7500 иен, ал аралда жұмыс істеп жүрген американдардың жалақысы сағатына екі мың иеннен артық. Оның үстіне осы болмашы жалақының өзін жапон жұмысшылары, әдетте, көп кешігіп барып алады. Мұнан басқа, американдар жұмысшыларды өз еріктерімен жұмыстан шығара береді, жұмысшылардың ешбір себепсіз ереуіл жасауға правосы жоқ.

Газет мұнан әрі дүниежүзілік екінші соғысқа дейін Окинава аралындағы барлық 910 мың адамның 76 проценті шаруалар болатын еді деп жазады. Соғыстан кейін бұл цифр 20 процент кеміді, өйткені, шаруалардың жер участоктерін оккупацияшыл американың өкмет орындары соғыс базаларының орнына тартып алды. Өздерінің жерлерінен қуылған шаруалар американың соғыс базалары да жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр.

Газет аралдың барлық жерлерінде американың өкмет орындары террор орнатқандығын ерекше атап көрсетеді. Барлық демократияшыл және прогресшіл баспаларға тыйым салынды. Кодзи Ояма деген жас жігіт ұшқылдық қаторға жұмысына және 25 мың иен мөлшерінде айыпқа бейбітшілікті жақтайтын бір газетті сатып жүргені үшін сот жазасына кесілген.

ГРЕЦИЯНЫҢ БҮКІЛ ЕҢБЕК

КОНФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАППАН ЕРЕУІЛ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ

АФИНЫ, 3 июнь. (СОТА). «Элефтерия» және басқа газеттер азық-түлік пен көпшілік тұтынатын товарларға бағаның үнемі қымбаттап отырғандығымен байланысты кеше басқа жұмысшы-

жанындағы кешкі партия мектебінің тыңдаушылары емтихан комиссиясынан алған билеттері бойынша терең ойланып, тиісті сұрақтарға жауаптарын жазып отыр. Олар быйыл партия тарихының курсы бойынша партияның XIX съезінің материалдарын қоса үйренді. Демек, олар бұл емтиханға жеңіл программа бойынша алған білімдерін байқауға тиіс.

Әрбір емтихан билетінде үш сұрақ бар. Ол сұрақтар: «БК(Б)П тарихының қысқаша курсы», съезд қарарлары, Г. Маленков жолдастың баяндамасы, немесе И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегінен алынған.

Калиничев жолдас жауап беру үшін бірінші болып сөз алды. Ол жыл бойы семинар сабақтарына белсене қатысып, жақсы оқыған-ды. Тыңдаушы Калиничев Россияда крепостнойлық правоның жойылуы, өнеркәсіптің және пролетариаттың өсуі жөнінде айтты. Оның жұмысшы қозғалысының алғашқы қадамдары жөніндегі әңгімесі өте мазмұнды болды. Алайда, Калиничев жолдас партия мүшесінің праволары мен міндеттері жөнінде қойылған екінші сұраққа тұжырымды жауап бере алмады. Сондықтан комиссия мүшелері оған «жақсы» деген баға берді.

Мұнан кейін аудандық партия комитетінің секретары Ивановская жолдас жауап берді. Комиссия мүшелері неге екені белгісіз «Ивановская жолдас быйылғыдан көзделетте жақсы оқыды» деген ұйғарындыға келді. Сөйтіп, оның біліміне тиісті баға қоймады. Шынында Ивановская жолдастың жауабы оның өткен материалдарды жете білмейтінін байқатты.

Ал, тыңдаушы Долгушин жолдас емтихан билетіндегі сұрақтардың бәріне мазмұнды жауап беріп, программалық материалдарды жақсы үйренгенін білдірді. Оның білімі жоғары бағаланды. Емтиханға қатысқан тыңдаушылардың басым көпшілігі жақсы деген баға алды. Дегенмен емтихан партия мектебінің жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер болғанды-

гісі сол — тыңдаушылар алған теориялық білімдерін практикалық міндеттермен жете байланыстыра сөйлей алмады. Мәселен, елімізде еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесінің өсуі жөнінде әңгіме болғанда, тыңдаушылар оны өз ауданының өміріне байланыстырып, бұл жөнінде нақтылы мысалдар келтіруге тиіс еді. Бірақ, Ивановская жолдас партия мен үкметтің совет халқының материалдық жағдайы жөніндегі қамқорлығы туралы сұраққа жауап бергенде, жергілікті жердің өмірін фактілер келтіре білмеді. Бұл кемшілік жалғыз Ивановская жолдас та ғана емес, бірсыпыра басқа да тыңдаушыларға тән. Агроном Максютова ССРО-ның өнеркәсібі жөнінде қанағаттанарлық жауап берсе де, оны Қазақстанның өнеркәсібімен байланыстырып айта алмады. Максютова жолдас Өскемен және Бұқтарма су электр станциялары сыяқты ірі кәсіпорындарын да білмейді. Бірсыпыра тыңдаушылар өздерінің жауаптарында халықаралық жағдай жөніндегі белгілі фактілерді пайдалана алмады.

Айта кету керек, класта географиялық карталар, диаграммалар және басқа көрнекі құралдар болды. Солай бола тұрса да, тыңдаушылар өздерінің жауаптарында көрнекі құралдарды пайдаланбады. Егер тыңдаушылар көрнекі құралдарды пайдаланса, олардың жауаптары анағұрлым мазмұнды және қызықты болар еді. Оның үстіне емтихан билеттері үсірт жасалған. Ондағы сұрақтардың көпшілігі өнеркәсіп саласын ғана қамтыды. Ал, Петропавл ауданында ешбір кәсіпорындары жоқ. Бұл ауданның негізгі кәсібі — ауыл шаруашылығы екені жалпыға мәлім. Бірақ, мұны мектеп директоры Козин, оқытушылар Скобелкин және Губаева жолдасстар ескермеген көрінеді.

Бұл кемшіліктерді жоя отырып, келесі оқу жылында тыңдаушылардың марксист-лениндік теорияны терең үйренулеріне жетісуі керек. Бұл Петропавл аудандық партия комитетінің басты міндеті.

В. ВАСИЛЬЕВА.

КОММУНИСТЕР БАСҚАРҒАН ФЕРМАЛАРДА

Калинин атындағы кәсіпкер (Преснов ауданы) партия ұйымында 8 коммунист тікелей мал шаруашылығында жұмыс істейді. Коммунистер К. Әбенов жолдас жылдық фермасының, К. Жанболатов қой фермасының меңгерушісі. Олар басқарған фермаларда қоғамдық мал шаруашылығының жылдық жоспары төл есебінен орындалуда.

Быйыл жылқышылар әрбір 100 биеден 98 құлын алып, аман өсіруде. Жылқышылардың қажырлы еңбегі колхозда жылқы өсірудің жылдық жоспарын артығымен орындауға мүмкіндік берді. Ферма меңгерушісі коммунист К. Әбенов жолдас жылқышылардың зор құрметімен пайдаланады. Өйткені, ол ферма меңгерушісі ғана емес, сонымен қабат үгітші. К. Әбенов өзінің өткізген әңгімелерінде көптеңгі жылқышылар Жандарбаев, Әділбаев жолдасстардың тәжірибелерін насихаттайды, жылқышылардың қоғамдық жылқыны жақсы күтіп өсіру жөнінде өзара пікір алдысын ұйымдастырады, олардың бағалы ұсыныстарына құлақ асады.

Коммунист Жанболатов жолдас басқарған фермада төл алу науқаны үлгілі ұйымдастырылуда. Шопандар соңғы айларда туған жүздеген жас қозыларды шығынсыз өсіруде.

М. НҰРБАЕВ.

сіз ерекшеліктерін бейнелеудегі Шәкеннің қуаны, көкпенуі, ойлануы мен толқуы көңілге қонымды келіп, шындыққа ұйынасып жатады. Шәкеннің ойнауына шексіз ықпалы отырасыз, оның бірде-бір ұйымдына, көзқарасына, күдігі мен көкпенуіне өмірде былай болмау керек еді деп күдіктенбейсіз, артистке үнемі ықпалы, оның ерекше дарындылығына сүйсініп отырасыз.

Майданның қара жұмысына 1916 жылы қазақтар алынып, оған наразылық білді-

меңгеріп ойнай алатындығына өзінің актерлік мәдениетінің жететіндігін айқын көрсетті.

Алайда, «Жамбыл» фильмінің елеулі елеулі кемшіліктері бар екенін айтпай кете алмаймыз.

Халық, халықтың өкілдері тым нашар көрсетілген. Картинада көрсетілгендерден мынау еңбекші халықтың өкілі болады деп ешкімді де атай алмайсыз, өйткені, халыққа тән қасиеттерді бойына сіңіріп, халық мүддесі үшін күрескен адал, батыл,

Тоқшын кітапханасында

Тоқшын кітапханасы Полудень ауданындағы тұрақты кітап оқушылары көп кітапханалардың бірінен саналады. Кітапхана активі оның жұмысына үнемі көмектесіп отырады. Тек соңғы күндердің өзінде ғана СОКП XIX съезінің материалдарынан, әйелдердің колхоздағы ролі, халықаралық жағдай және басқа тақырыптардан бірнеше лекциялар оқылып, баяндамалар жасалды. Бұған кітапхана активінің мүшелері Василевский, Загороднев, Гончаренко жолдасстар белсене қатысты.

Жуырда кітапхананың инициативасы бойынша Галина Николаеваның «Егін орағы» атты романы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді.

Конференцияға село интеллигенттері мен колхозшылар көптеп қатысты. Кітап оқушылар романды оқығанда алған әсерлері туралы айтып, пікір алысты.

Көктем егіс науқаны күндерінде кітапхана активтері мен оның қызметкерлері колхоздардың мәдениет қостарында болып, колхозшыларды мәдениетті қамтуда мәдени-ағарту орындарының жергілікті жердегі өкілдеріне көмектесіп отырды. Өткізілетін әңгімелер мен лекциялардың жоспарын жасап, жылжымалы кітапхана ұйымдастырды. Егіс және трактор бригадаларының қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктерін шығарысты.

Бұл күндері кітапхананың 300-ден

ССР-ның халық артисі К. Жандарбеков қатап, жауыз бай Қадырбайдың ұсынысы бойынша шебер жасаған. Сол сыяқты, республиканың еңбек сіңірген артисі Г. Құрманғалиевтің ойынынан әкімдер алдында жалтақ, қорқақ, байшы ақынның жіргенішті кейлі көрінеді.

Қайталап айтқанда, Шәкен Айманов жолдастың ұлы ақын Жамбылдың жарқын бейнесін шебер жасауы фильмінің көркі, табысы болып тұр.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

астам тұрақты кітап оқушылары бар. Кітап қоры жыл сайын көбейіп келеді. Ол село еңбекшілерінің мәдениет орталығына айналуда. Қай уақытта болсын жаңа газет, журналдар, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары, көркем және басқа әдебиет оқып отырған адамдарды кітапханадан жиі кездестіруге болады.

Кітапхана меңгерушісі Кулебякина жолдас өзінің мол тәжірибесін күнбе-күні жұмыста кеңінен пайдалануда. Көзгі кітапхана В. Келлинскийдің «Жүректілік» деген романы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге дайындалуда.

И. КАТАЕВ,

жаппай еңбек конфедерациясы советінің төтенше мәжілісі болды деп хабарлады. Мәжілісте премьер-министр мен экономикалық координацияның министрі шетелден қайтып келгеннен кейін жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы қайта қаралмаса, жаппай ереуіл жариялауға ұйғарылып қарар қабылданды.

Кеңесте көзіргі үкмет жұмысшылардың жағдайын жақсартпау былай тұрсын, қайта тұрмысты төзбестік жағдайға жеткізді, жұмыссыздық бұрынғыша өсіп келеді; жұмысшы табы ашынып, оның шыдамы таусылуға жуықтағандығы атап айтылады. Кеңесте қатысушылар барлық жұмысшы орталықтарын және елдің барлық кәсіподақтар ұйымдарын өздерінің күштерін дереу жұмылдырып, бүкіл ұлттық көлемдегі күреске әзір тұруға шақырды. Бұл қарар үкметке жеткізілді.

ЖАПОНИЯНЫҢ МЕТАЛЛУРГИЯ ӨНЕРКӘСІБІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ШАНХАЙ, 3 июнь. (СОТА). Жапонияның Киодо Цусин агенттігі бүгін таңертең металлургия өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподақтар федерациясына кіретін 46 мыңға жуық жұмысшылар жалақының арттырылуын талап етіп, 10 күндік ереуіл бастады деп хабарлайды.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАМБЫЛ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖӘРМЕНКЕДЕГІ ОҚЫҒА»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.

ССРО МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ № 36 ФЗО ҚҰРЫЛЫС МЕКТЕБІ

Оқушылар қабылдау бастады. Мектепке 16 жастан бастап, 4 класс көлемінде білімі бар жасөспірімдер қабылданады. Мектеп ағаш шеберлерін дайындайды.

Мектепке түсу үшін арызымен бірге паспортын, білімі туралы куәлігін, туған жылы туралы куәлігін, 3x4 сантиметрлік екі фотосуретін қоса тапсыруы керек.

Мектепке қабылданғандар толық мемлекет қамтуында болады. Адрес: Петропавл қаласы, Холдильник алаңы, № 36 ФЗО мектебі.

Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 131-үйде тұрушы Витольд Юльевич Еленский Раиса Павловна Еленскаядан (ол да сол үйде тұрады) айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участік халық сотында қаралады.

ТҮПКІЛІКТІ ЖҰМЫСҚА

инженерлер, техниктер, монтажшылар, электросварщиктер, автогенциктер, монтажшы-слесарьлар және жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Ленин көшесі, 77-«а» үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

8 жасар жирен ат жоғалды. Көрген, білгендер болса, Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 11-үйге, аудандық тұтынушылар одағына хабарлауы сұралады.

Петропавл қаласы, Дедова Заимкасында, 53-үйде тұрушы Николай Ильич Перков Петропавл қаласы, Сталин көшесі, 38-үйде тұрушы Мария Федоровна Перковадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 5-участік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.